

**«ММС КАЗ» ЖШС-нің дербес деректерді өңдеу
және қорғау саласындағы саясаты**

Алматы қ.,2026 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «ММС Каз» ЖШС (БСН 110940001756) (бұдан әрі – Компания) Саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

1.2. Саясат Компанияның интернет-ресурсын пайдаланатын жеке тұлғалардың, сондай-ақ клиенттердің, контрагенттер мен қызметкерлердің жария іс-қимыл бөлігіндегі дербес деректерін (бұдан әрі – ДД) жинау, өңдеу және қорғау тәртібін айқындайды.

1.3. Компания субъектілердің дербес деректерін қамтитын дерекқордың Меншік иесі және Операторы болып табылады.

1.4. Компанияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 53-үй.

1.5. Дерекқордың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

2. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР (ҚР ЗАҢЫНА СӘЙКЕС)

- **Дербес деректер** – электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген, олардың негізінде айқындалған немесе айқындалатын ДД субъектісіне қатысты мәліметтер.
- **ДД субъектісі** – дербес деректері өзіне қатысты болатын жеке тұлға.
- **ДД жинау** – ДД алуға бағытталған іс-қимылдар.
- **ДД өңдеу** – ДД жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, оқшаулауға және жоюға бағытталған іс-қимылдар.
- **Трансшекаралық беру** – ДД-ны шет мемлекеттердің аумағына беру.

3. СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ САНАТТАРЫ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ ТІЗБЕСІ

Компания тұлғалардың келесі санаттарының деректерін өңдейді:

- **Сайтқа кірушілер және әлеуетті клиенттер:** ТАӘ, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, талғамдары туралы мәліметтер (автокөлік моделі), cookie файлдары, IP-мекенжайлар.
- **Қолданыстағы клиенттер:** ТАӘ, ЖСН, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, тұрғылықты мекенжайы, автокөліктің VIN-нөмірі, сервистік қызмет көрсету

тарихы.

- **Бос лауазымдарға кандидаттар және қызметкерлер:** ҚР Еңбек кодексінде және ішкі Ережеде көзделген мәліметтер (білімі, жұмыс тәжірибесі және т.б.).
- **Контрагенттердің өкілдері:** ТАӨ, лауазымы, байланыс деректері, сенімхат деректері.

4. ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ МАҚСАТТАРЫ

ДД өңдеу нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттарға қол жеткізумен шектеледі:

- Шарттарды жасасу және орындау;
- Маркетингтік акциялар, Mitsubishi Motors-тың жаңа өнімдері мен арнайы ұсыныстары туралы хабардар ету (келісім болған жағдайда);
- Нарықты және қызмет көрсету сапасын зерттеуді жүргізу;
- Қазақстан Республикасы заңдарының (соның ішінде салық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және өнім қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды) сақталуын қамтамасыз ету;
- Сайт арқылы және электрондық пошта арқылы жүгінген кездегі өтініштерді, шағымдар мен талап-арыздарды өңдеу.

5. ЖИНАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕР

5.1. ДД өңдеуді Компания, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, субъектінің келісімі болған жағдайда жүзеге асырады.

5.2. Сайттағы келісім кез келген деректерді жинау нысанын жібермес бұрын белсенді іс-қимылдар жасау (чек-бокста «күсбелгі» қою) арқылы беріледі.

5.3. Компания оқшаулауды қамтамасыз етеді: ДД жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүзеге асырылады.

6. ДЕРЕКТЕРДІ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ БЕРУ

6.1. Mitsubishi Motors тобына тиесілілігін ескере отырып, Компания ДД-ны қорғауды қамтамасыз ететін елдерге (соның ішінде Жапония және ЕАЭО елдеріне) ДД-ны трансшекаралық беруді жүзеге асыра алады.

6.2. ДД-ны жеткілікті қорғауды қамтамасыз етпейтін елдерге беру тек субъектінің жеке келісімі болған жағдайда немесе Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

7. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес, субъектінің мыналарға құқығы бар:

- Өзінің ДД-сын өңдеу фактісін, мақсаттарын, дереккөздерін және тәсілдерін растау туралы ақпарат алуға;
- Деректі растамалар болған жағдайда өзінің ДД-сын өзгертуді немесе толықтыруды талап етуге;
- Жинау/өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда өзінің ДД-сын оқшаулауды талап етуге;
- Жиналуы мен өңделуі ҚР заңнамасын бұза отырып жүргізілген немесе өңдеу мақсаттарына қол жеткізілген жағдайда ДД-ны жоюды талап етуге;
- Компанияға жазбаша хабарлама жіберу арқылы ДД өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алуға.

8. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

Компания ДД-ны құқыққа қайшы немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден немесе оқшаулаудан қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды:

- ДД өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындау;
- ДД-ға қол жеткізе алатын тұлғалар тобын шектеу;
- Вирусқа қарсы қорғаныс және шифрлау құралдарын пайдалану;
- Процестердің Компания Ережесіне сәйкестігіне тұрақты ішкі аудит жүргізу.

9. ӨНДЕУ ЖӘНЕ САҚТАУ МЕРЗІМДЕРІ

9.1. ДД өңдеу мақсаттарына қол жеткізгенде, келісімнің қолданылу мерзімі өткенде немесе субъект келісімін кері қайтарып алған жағдайда ДД өңдеу тоқтатылады.

9.2. ДД-ны жою оларды қалпына келтіру мүмкіндігін болдырмайтын тәсілмен (Компанияда бекітілген Жою туралы актіге сәйкес) жүргізіледі.

10. «COOKIE» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Cookie файлдары - бұл пайдаланушының дербес компьютерінде, теледидарында, мобильді телефонында немесе басқа құрылғысында ақпарат сақталатын шағын файлдар. Олар құрылғыға cookie файлын орналастырған компанияға пайдаланушыны әртүрлі веб-сайттарда, қызметтерде, құрылғыларда және/немесе шолу сеанстарында тануға мүмкіндік

береді. Cookie файлдары көптеген пайдалы тапсырмаларды орындайды. Мысалдар:

- Cookie файлдары кіру үшін есептік деректерді есте сақтай алады, бұл пайдаланушыға қызметке әрбір кірген сайын оларды қайта енгізбеуге мүмкіндік береді.
- Cookie файлдары компанияға және үшінші тарап әзірлеушілеріне біздің қызметтеріміздің қай бөліктері ең танымал екенін түсінуге көмектеседі, өйткені олар келушілердің қай беттер мен функцияларға кіретінін және пайдаланушылардың беттерде қанша уақыт өткізетінін көруге мүмкіндік береді. Мұндай ақпаратты зерделей отырып, компания өз қызметтерін жақсырақ бейімдей алады және олармен жұмыс істеуді жайлырақ ете алады.
- Cookie файлдары компанияға және үшінші тарап әзірлеушілеріне пайдаланушының қандай жарнаманы көргенін түсінуге көмектеседі, бұл алдағы уақытта қызметке әрбір кірген сайын бір жарнамалық хабарландыруды қайталап алмау үшін қажет.
- Cookie файлдары компания қызметтерін, сондай-ақ басқа веб-сайттар мен қолданбаларды пайдалану туралы ақпаратты жинау арқылы компанияға және үшінші тарап әзірлеушілеріне пайдаланушыға сәйкес мазмұн мен жарнамалық хабарландыруларды ұсынуға көмектеседі.

«ММС Каз» ЖШС пайдаланушының сайтқа/Сайтқа кіру жолын анықтау, сайт келушілерінің белсенділігін тіркеуде «ММС Каз» ЖШС-не жәрдемдесу, оның жұмыс тиімділігін бағалау және осы сайтты келушілер үшін барынша пайдалы әрі ыңғайлы ету мақсатында оны жетілдіру үшін «cookie» технологиясын қолданады. «ММС Каз» ЖШС осы технологияның көмегімен сайттың жекелеген пайдаланушылары туралы ақпаратты тіркемейді — пайдаланушы туралы ешқандай нақты ақпарат сақталмайды және пайдаланылмайды. Пайдаланушы өз браузерін сайтқа жүгінулерін тіркеуден бас тартуға немесе мұндай тіркеуге сұрау түскен жағдайда ескерту жасауға баптауға құқылы.

11. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Өз құқықтарын іске асыру үшін дербес деректер субъектісі сұрау салу жібере алады:

- Пошталық мекенжайы: 050004, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 53.
- Электрондық пошта (E-mail): mitsubishikz@mmckaz.com
- Сұрау салуға жауап беру мерзімі: өтініш алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайды.

«ММС Каз» ЖШС кез келген уақытта алдын ала ескертусіз осы Саясаттың мәтінін қайта қарау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады. Енгізілген өзгерістер Компания сайтында орналастырылған сәттен бастап өз күшіне енеді.